

Қазақстан Республикасының Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның (Чикаго, 1944 жыл) төрт тілдегі бірдей мәтіні туралы хаттамаға қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 7 мамыр N 192-II

Қазақстан Республикасы Монреальда 1977 жылғы 30 қыркүйекте жасалған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның (Чикаго, 1944 жыл) төрт тілдегі бірдей мәтіні туралы хаттамаға қосылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯНЫҢ (ЧИКАГО, 1944 ЖЫЛ) ТӨРТ ТІЛДЕГІ БІРДЕЙ МӘТІНІ ТУРАЛЫ ХАТТАМА

(2001 жылғы 10 тамызда күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

ТӨМЕНДЕ ҚОЛ ҚОЙҒАН ҮКІМЕТТЕР

Халықаралық азаматтық авиация ұйымы Ассамблеясының 21-ші сессиясы осы Ұйымның Кеңесіне "оны 1977 жылдан кешіктірмей қабылдау мақсатында Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның орыс тіліндегі бірдей мәтінін дайындау жөніндегі қажетті шараларды жүргізуді" ұсынғанын НАЗАРҒА АЛА
О Т Ы Р Ы П ;

Чикагода 1944 жылғы 7 желтоқсанда Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның ағылшын тіліндегі мәтіні қол қою үшін ашылғанын НАЗАРҒА АЛА
О Т Ы Р Ы П ;

Чикагода 1944 жылғы 7 желтоқсанда жасалған, Буэнос-Айресте 1968 жылғы 24 қыркүйекте қол қойылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның үш тілдегі бірдей мәтіні туралы Хаттамаға сәйкес Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның (төменде "Конвенция" деп аталатын) ағылшын тіліндегі мәтінімен бірге Конвенцияның қорытынды ережесінде көзделгеніндей осы үш тілде бірдей тең мәтінді құрайтын испан және француз тілдеріндегі мәтіні қабылданғанын НАЗАРҒА АЛА
О Т Ы Р Ы П ;

тиісінше, Конвенцияның орыс тіліндегі мәтінінің болуы туралы қажетті ережелерді көздеу орынды екендігін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;
мұндай ережелерді қабылдау кезінде мәтіндері бірдей тең болыптабылатын және

әрқайсысы Конвенцияның 94 (а) бабына сәйкес тек оны бекіткен мемлекетке қатысты ғана күшіне енуі мүмкін ағылшын, испан және француз тілдеріндегі Конвенцияға түзетулер болуын ескеру қажеттігін **НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП**;
Төмендегілер туралы келісті:

I-бап

Осы Хаттамаға қоса беріліп отырған орыс тіліндегі Конвенцияның мәтіні мен оған түзетулердің мәтіндері ағылшын, испан және француз тілдеріндегі Конвенцияның мәтіндерімен және оларға түзетулермен бірге осы төрт тілде бірдей тең мәтінді құрайды.

II-бап

Егер мемлекет - осы Хаттаманың тарабы - Конвенцияның 94 (а) бабына сәйкес Конвенцияға жасалған кез келген түзетуді бекітсе немесе келешекте бекітетін болса, онда мұндай түзетулердің орыс, ағылшын, испан және француз тілдеріндегі мәтіндері осы Хаттамада көзделген төрт тілдегі бірдей тең мәтінге қатысты деп есептелетін болады.

III-бап

- 1) Мемлекеттер - Халықаралық азаматтық авиация ұйымының мүшелері:
 - а) қабылдауға қатысты ескертусіз қол қою, немесе
 - б) кейін қабылдау арқылы қабылдауға қатысты ескертумен қол қою, немесе
 - с) қабылдау арқылы осы Хаттаманың қатысушысы бола алады;
- 2) Осы Хаттама қол қою үшін 1977 жылғы 5 қазанға дейін Монреальда және одан кейін - Колумбия округы, Вашингтонда ашық күйінде қалады;
- 3) Қабылдау Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне қабылдау туралы құжатты сақтауға тапсыру арқылы жүзеге асырылады;
- 4) Осы Хаттамаға қосылу немесе осы Хаттаманы бекіту оны қабылдау ретінде қаралады.

IV-бап

- 1) Осы Хаттама III-баптың ережелеріне сәйкес он екі мемлекет қабылдауға қатысты оған ескертусіз қол қойғаннан немесе оны қабылдағаннан кейінгі және Конвенцияның орыс тіліндегі мәтіні бірдей тең екендігі көзделетін Конвенцияның қорытынды ережесіне түзету күшіне енгеннен кейінгі отызыншы күні күшіне енеді;

2) III-бапқа сәйкес кейіннен осы Хаттаманың Тарапы болатын кез келген мемлекетке қатысты Хаттама оны қабылдауға қатысты оған ескертусіз қол қойылған күні немесе оны қабылдаған күні күшіне енеді

V-бап

Осы Хаттама күшіне енгеннен кейін мемлекеттің Конвенцияға кез келген қосылуы осы Хаттаманы қабылдауы ретінде қаралады.

VI-бап

Мемлекеттің осы Хаттаманы қабылдауы оның Конвенцияға кез келген түзетуді бекітуі ретінде қаралмауы тиіс.

VII-бап

Осы Хаттама күшіне енгеннен кейін оны Америка Құрама Штаттарының Үкіметі Біріккен Ұлттар Ұйымында және Халықаралық азаматтық авиация ұйымында тіркейді.

VIII-бап

- 1) Осы Хаттама Конвенция күшінде болған кезде күшінде қалатын болады;
- 2) Осы Хаттама мемлекет Конвенцияның Тарапы болуын тоқтатқан жағдайда ғана, ол мемлекет үшін күшін жояды.

IX-бап

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі барлық мемлекеттерге - Халықаралық азаматтық авиация ұйымының мүшелеріне және Ұйымның өзіне:

- а) қол қою қабылдауға қатысты ескертумен немесе ескертусіз болып табылатынын көрсету арқылы осы Хаттамаға әрбір қол қою;
- б) қабылдау туралы әрбір құжаттың сақтауға тапсырылғаны және оның күні;
- с) IV-баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес осы Хаттаманың күшіне енген күні туралы хабарлайды.

X-бап

Орыс, ағылшын, испан және француз тілдерінде жасалған және де әрбір мәтіні бірдей тең болып табылатын осы Хаттама тиісті түрде оның куәландырылған көшірмесін Халықаралық азаматтық ұйымының мүшелері - мемлекеттердің Үкіметтеріне жолдайтын Америка Құрама Штаттары Үкіметінің мұрағаттарына с а қ т а у ғ а т а п с ы р ы л а д ы .

Осыны куәландыру үшін тиісті түрде уәкілеттендірілген төменде қол қоюшы өкілетті өкілдер осы Хаттамаға қол қойды.

Монреальда бір мың тоғыз жүз жетпіс жетінші жылғы отызыншы қыркүйекте ЖАСАЛДЫ.

ANNEX - ANNEXE - ҚОСЫМША - ANEXO ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АВИАЦИЯ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ КІРІСПЕ

Халықаралық азаматтық авиацияның болашақ дамуы дүние жүзінің ұлттары мен халықтары арасында достық пен өзара түсіністікті орнықтыру мен қолдауға елеулі дәрежеде игі ықпал ете алатынын, оны ескермеудің жалпы қауіпсіздікке қауіп тудыруы мүмкін екендігін **НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;**

текетіресті мүмкіндігінше болдырмауды және бүкіл дүниежүзінде бейбітшіліктің орнығуы байланысты болатын ұлттар мен халықтар арасындағы осындай ынтымақтастыққа жәрдемдесуді **НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;**

халықаралық азаматтық авиация қауіпсіз және реттелген тәртіппен дамуы және халықаралық әуе қатынасы мүмкіндіктер теңдігі негізінде белгіленуі және ұтымды және үнемді жүзеге асырылуы үшін белгілі бір принциптер мен шаралар келісіміне қол жеткізе отырып, төменде қол қойған **Үкіметтер, СОНДЫҚТАН;**
осы мақсатта осы Конвенцияны жасасты.

I БӨЛК АЭРОНАВИГАЦИЯ

I ТАРАУ ЖАЛПЫ ПРИНЦИПТЕР ЖӘНЕ КОНВЕНЦИЯНЫҢ ҚОЛДАНЬЛУЫ

1-бап Егемендік

Уағдаласушы мемлекеттер әрбір мемлекеттің өз аумағы үстіндегі әуе кеңістігіне толық және түбегейлі егемендігін таниды.

2-бап Аумақ

Осы конвенцияның мақсатында осы мемлекеттің егемендігіндегі, суверенитетіндегі, протекторатындағы немесе мандатындағы құрлықтағы аумақтар мен олармен шектес аумақтағы сулар мемлекет аумағы деп түсініледі.

3-бап Азаматтық және мемлекеттік әуе кемелері

а) Осы Конвенция тек азаматтық әуе кемелеріне қолданылады және мемлекеттік әуе кемелеріне қолданылмайды.

б) Әскери, кеден және полиция қызметінде пайдаланылатын әуе кемелері мемлекеттік әуе кемелері ретінде қарастырылмайды.

с) Уағдаласушы мемлекеттердің бір де бір мемлекеттік әуе кемесі басқа мемлекеттің аумағымен ұшпайды және арнаулы келісіммен немесе өзгеше жолмен және оның шарттарына сәйкес берілген рұқсаттарды қоспағанда, онда қонбайды.

д) Уағдаласушы мемлекеттер өздерінің мемлекеттік әуе кемелері үшін ережелер белгілеген кезде азаматтық әуе кемесі навигациясының қауіпсіздігіне тиісті назар аударуға міндетті.

4-бап Азаматтық авиацияны тиісінше пайдаланбау

Уағдаласушы әрбір мемлекет азаматтық авиацияны осы Конвенцияның мақсатымен сиыспайтын қандай да болсын мақсаттарда пайдаланбауға келіседі.

II ТАРАУ УАҒДАЛАСҚАН МЕМЛЕКЕТТЕР АУМАҒЫНЫҢ ҮСТІМЕН ҰШУ

5-бап Жүйелі емес ұшу құқығы

Әрбір Уағдаласушы мемлекет басқа Уағдаласушы мемлекеттердің тұрақты халықаралық әуе қатынастарында ұшатын әуе кемелері болып табылмайтын барлық әуе кемелері, осы Конвенцияның ережелерін сақтаған жағдайда, аумағының үстімен ұшу жүзеге асырылатын мемлекеттің қонуды талап етуге құқығы болған жағдайда, оның аумағымен ұшуды немесе немесе оның аумағы арқылы транзиттік қонбай ұшуды жүзеге асыруға және алдын ала рұқсат алу қажетінсіз коммерциялық мақсаттармен қонуға келіседі. Дегенмен, әрбір Уағдаласушы тарап ұшудың қауіпсіздігі үшін ұшу мүмкін болмайтындай аудандардың үстімен немесе тиісінше аэронавигациялық құралдарсыз ұшуды ойластырған әуе кемелерінен белгіленген маршруттармен ұшуды немесе осындай ұшуға арнайы рұқсат алуды талап ету құқығын сақтайды.

Егер мұндай әуе кемелері, егер олар жолаушылар, жүк немесе поштаны сыйақы немесе жалгерлік бойынша тасымалдаумен айналысатын болса, сондай-ақ, бірақ тұрақты халықаралық әуе қатынастарында емес, 7-баптың ережелерін ескере отырып, осындай тиіп, түсіру жүргізілетін кез келген мемлекетте, олар қолайлы деп есептейтін ереже, шарт немесе шектеу белгілеуге құқылы болған жағдайда, жолаушыларды, жүкті немесе поштаны бортқа қабылдау немесе тиеу артықшылығын да пайдаланады.

6-бап Жүйелі әуе қатынасы

Арнаулы рұқсат немесе осы мемлекеттің өзге де санкциясы бойынша және осындай рұқсат немесе санкцияның талаптарына сәйкес ұшуларды қоспағанда, Уағдаласушы мемлекеттер аумақтарының үстімен немесе аумақтарына ешбір тұрақты халықаралық әуе қатынасы жүзеге асырылмауға тиіс.

7-бап Каботаж

Әрбір Уағдаласушы мемлекеттің басқа Уағдаласушы мемлекеттің әуе кемесіне сол елдің аумағында бортқа ақы төлеу немесе жалдау тәртібі бойынша жолаушылар, пошта және жүк қабылдауға, рұқсат етуден бас тартуға құқығы бар. Әрбір Уағдаласушы мемлекет қайсыбір басқа мемлекетке немесе қайсыбір басқа мемлекеттің авиакәсіпорнына арнайы ерекше негізде беретін осындай кез келген жеңілдік беретін ешбір келісім жасаспауға және кез келген басқа мемлекеттен кез келген осындай ерекше жеңілдік алмауға міндеттенеді.

8-бап Ұшқышсыз ұшырылатын әуе кемесі

Ұшқышсыз ұшыруға болатын ешбір әуе кемесі, осы мемлекеттің арнаулы рұқсаты бойынша және осындай рұқсаттың шарттарына сәйкес ұшудан басқа, Уағдаласушы мемлекеттің аумағы үстімен ұшқышсыз ұшырылмайды. Әрбір Уағдаласушы мемлекет азаматтық әуе кемелері үшін ашық аудандарда осындай әуе кемесі ұшқышсыз ұшырылған кезде осы ұшудың азаматтық әуе кемелеріне қауіп болмауына мүмкіндік жасайтын осындай бақылауды қамтамасыз етуге тиіс.

9-бап Тыйым салынған аймақтар

а) Әрбір Уағдаласушы мемлекет әскери қажеттілік немесе қоғамдық қауіпсіздік ниетінде, бұл ретте осы мемлекеттің тұрақты халықаралық әуе қатынастарымен айналысатын әуе кемелері мен басқа Уағдаласушы мемлекеттердің осындай қатынастармен айналысатын әуе кемелерінің арасында ешқандай айырма болмайтын жағдайда, өз аумағының белгілі бір өңірімен ұшырудың бірыңғайлық негізінде ұшуды шектеуі немесе оған тыйым салуы мүмкін. Қажеттілік тумаған кезде аэронавигацияға кедергі келтірмеу үшін мұндай тыйым салынатын өңірдің ойластырылған көлемі мен орналастырылатын жері болуға тиіс. Уағдаласушы мемлекеттің аумағындағы осындай тыйым салынған аймақтың бейнеленуі, сондай-ақ оларға кейін енгізілген кез келген өзгеріс мейлінше қысқа мерзімде басқа, Уағдаласушы мемлекетке және Халықаралық азаматтық авиация ұйымына жіберіледі.

б) Сондай-ақ, әрбір Уағдаласушы мемлекет ерекше мән-жайларда немесе төтенше

жағдай кезеңінде немесе қоғамдық қауіпсіздік мүддесінде, олардың ұлтына қарамастан мұндай шектеу немесе тыйым салу барлық басқа мемлекеттердің әуе кемелеріне қолданылған жағдайда, өзінің бүкіл аумағында немесе оның қайсыбір бөлігінде ұшуды шұғыл, уақытша шектеу немесе тыйым салу құқығын сақтайды.

с) Әрбір Уағдаласушы мемлекет өзі белгілей алатын ережелері негізінде жоғарыдағы а) немесе б) тармақшаларында көзделген өңірлерге кірген кез келген әуе кемесінен оның мейлінше ең қысқа мерзімде оның аумағы шегінде қандай да болсын аталған әуежайға келіп қонуын талап ете алады.

10-бап Кеден әуежайына қону

Осы Конвенцияның шарттары бойынша немесе арнаулы рұқсатпен Уағдаласушы мемлекеттің аумағын онда қонбастан кесіп өтуге рұқсат етілетін реттерді қоспағанда, егер мұны осы мемлекеттің ережесі талап ететін болса, Уағдаласушы мемлекеттің аумағына кіретін кез келген әуе кемесі кедендік және өзгелей бақылаудан өту мақсатында осы мемлекет көрсеткен әуежайға келіп қонады. Уағдаласушы мемлекеттің аумағынан ұшып кеткен кезде мұндай әуе кемесі аталған кеден әуежайынан да осындай тәртіппен ұшып кетеді. Мемлекет барлық аталған кедендік әуежай туралы мәліметтерді жариялайды және басқа барлық Уағдаласушы мемлекеттерге беру үшін осы Конвенцияның II бөлігіне сәйкес негізделген Халықаралық азаматтық авиация ұйымына жібереді.

11-бап Әуе қозғалысы туралы ережені қолдану

Халықаралық аэронавигациямен айналысатын әуе кемелері оның аумағына жіберілуіне немесе оның аумағынан қайтуына қатысты Уағдаласушы мемлекеттің заңдары мен ережелері осы Конвенцияның ережелері сақталған не осындай әуе кемелері оның аумағы шегіне қонған кезде мұндай әуе кемелері пайдаланылған және навигацияланған жағдайда, олардың ұлтының айырмашылығына қарамастан, барлық Уағдаласушы мемлекеттердің әуе кемелеріне қолданылады және осындай әуе кемелері осы мемлекеттің аумағы шегінде келіп қонған, қайтқан немесе болған кезде сақталады.

12-бап Ұшу ережесі

Әрбір Уағдаласушы мемлекет оның аумағы шегінде ұшатын немесе маневр жасайтын әрбір әуе кемесі, сондай-ақ оның ұлттық белгісін алып жүретін әрбір әуе кемесі, осындай әуе кемесі қай жерде ұшып жүрсе де, әуе кемелерінің ұшуы мен маневр жасауына қатысты сол жерде қолданылатын ереже мен регламенттің сақталуын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауға міндетті. Әрбір Уағдаласушы мемлекет осы саладағы өз ережелері мен уақыттың өтуіне орай осы Конвенцияға сәйкес белгіленетін

ережелердің бірегейлік мүмкіндігін барынша қолдауға міндеттенеді. Ашық теңіз үстінде осы Конвенцияға сәйкес белгіленген ережелер қолданыстағы ережелер болып табылады. Әрбір Уағдаласушы мемлекет қолданыстағы регламентті бұзған барлық тұлғалардың жауапқа тартылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13-бап Аумаққа кіру және ұшырып жіберу туралы ереже

Жолаушылардың, әуе кемелері экипажының немесе жүктің Уағдаласушы мемлекеттің аумағына кіруге немесе оның аумағының жіберуге қатысты заңдары мен ережелерін осындай жолаушылар кіруге, шығуға, иммиграцияға, төлқұжат және кеден бақылауына және карантинге қатысты ережелер сияқты сақтайды немесе олардың аттарынан жүктің осы мемлекеттің аумағына келу, кету немесе онда болу кезіне қатысты да сақталады.

14-бап Аурулардың таратылуын болдырмау

Әрбір Уағдаласушы мемлекет аэронавигация арқылы тырысқақ, эпидемиялық сүзек, шешек, сары ауру, оба және уақыттың өтуіне орай Уағдаласушы мемлекеттер айқындайтын басқа да жұқпалы аурулардың таратылуын болдырмау мақсатында тиімді шаралар қолдануға келіседі, және осы мақсатта Уағдаласушы мемлекеттер әуе кемелерінде қолданылатын санитариялық шаралар саласында халықаралық реттеу мәселелерімен айналысатын мекемелермен тікелей консультацияларды қолдайды. Мұндай консультациялар осы мәселе бойынша Уағдаласушы мемлекеттер қатысушысы болып табылатын қолданыстағы кез келген халықаралық конвенцияға нұқсан келтірілмей жүзеге асырылады.

15-бап Әуежай алымдары және соған ұқсас алымдар

Уағдаласушы мемлекеттердегі оның ұлттық әуе кемелерін қоғамдық пайдалану үшін ашық әрбір әуежай, сондай-ақ 68-баптың ережелері ескеріле отырып, бірегей жағдайда барлық басқа Уағдаласушы мемлекеттердің әуе кемелері үшін де ашық болады. Осындай бірегей жағдай, аэронавигацияның қауіпсіздігі мен жеделдігін қамтамасыз ету мақсатында, радио- және метеорологиялық қамтамасыз етулерді қоса алғанда, әрбір Уағдаласушы мемлекеттің қоғамдық пайдалануға берілуі мүмкін барлық аэронавигация құралдарын пайдалану кезінде қолданылады.

Алынуы немесе Уағдаласушы мемлекеттің осындай әуежайларды және аэронавигациялық құралдарды пайдаланғаны үшін кез келген басқа Уағдаласушы мемлекеттен өндіріп алуға рұқсат етілуі мүмкін кез келген алым:

а) тұрақты халықаралық әуе қатынастарымен айналыспайтын әуе кемелеріне қатысты, - өздерінің осындай сыныптағы, осыған ұқсас қатынастармен айналысатын

ұлттық әуе кемелерінен алынатын алымдардан; және

б) тұрақты халықаралық әуе қатынастарымен айналысатын әуе кемелеріне қатысты, - өздерінің осыған ұқсас халықаралық әуе қатынастармен айналысатын ұлттық әуе кемелерінен алынатын алымдардан аспауға тиіс.

Осындай алымдар туралы ақпарат жарияланады және Халықаралық азаматтық авиация ұйымына хабарланады, сөйтіп мүдделі Уағдаласушы мемлекеттің өтініші бойынша әуежайды және басқа құралдарды пайдаланғаны үшін өндіріліп алынатын алымдар олар бойынша баяндама ұсынатын Кеңесте қаралуға тиіс және ол мүдделі мемлекеттің немесе мемлекеттердің қарауы үшін ұсыныстар береді. Бір де бір Уағдаласушы мемлекет тек Уағдаласушы мемлекеттің кез келген әуе кемесінің оның аумағы арқылы транзиті немесе оның аумағына ұшу немесе оның аумағынан ұшу құқығы немесе ондағы тұлғалар мен мүлік үшін төленетіннен басқа ешқандай баж, салық немесе басқа алымдар алмауға тиіс.

16-бап Әуе кемелерін тексеру

Әрбір Уағдаласушы мемлекеттің құзыретті өкіметі басқа Уағдаласушы мемлекеттің әуе кемесіне олар келген немесе кеткен кезде оларды негізделмеген кідіртусіз осы Конвенцияда көзделген тексеру жүргізуге және куәліктері мен басқа да құжаттарын тексеруге құқылы.

III ТАРАУ ӘУЕ КЕМЕЛЕРІНІҢ ҚАЙ ҰЛТТІКІ ЕКЕНДІГІ

17-бап Әуе кемелерінің қай ұлттікі екендігі

Әуе кемелері қай мемлекетке тіркелсе сол мемлекеттің ұлтынікі болады.

18-бап Қосарлас тіркеу

Әуе кемесінің бір мемлекеттен басқасына тіркелуі заңды тіркеу болып есептелмейді, бірақ оның тіркелуі бір мемлекеттен екінші мемлекетке көшуі мүмкін.

19-бап Тіркеуді реттейтін ұлттық заңдар

Кез келген Уағдаласушы мемлекетте әуе кемелерін тіркеу немесетіркеуді алмастыру оның заңдары мен ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

20-бап Белгілердің болуы

Халықаралық аэронавигациямен айналысатын кез келген әуе кемесінің тиісті ұлттық және тіркеу белгілері болады.

21-бап Тіркеу туралы хабардар ету

Әрбір Уағдаласушы мемлекет кез келген Уағдаласушы мемлекетке немесе Халықаралық азаматтың авиация ұйымына сұраулар бойынша тіркеуге және осы мемлекетте тіркелген кез келген нақты әуе кемесінің иелігіне қатысты ақпараттарды беруге міндетті. Сонымен бірге, әрбір Уағдаласушы мемлекет Халықаралық азаматтық авиация ұйымына, соңғысы сол ережелерге сәйкес белгілей алатын хабарлама жібереді, онда осы мемлекетте тіркелген және әдетте халықаралық аэронавигациямен айналысатын әуе кемелерінің иелігі мен оларға бақылау туралы тиісті деректер болуы тиіс. Осындай жолмен алынған деректерді Халықаралық азаматтық авиация ұйымы олардың өтініштері бойынша басқа Уағдаласушы мемлекеттерге береді.

IV ТАРАУ АЭРОНАВИГАЦИЯҒА ЖӘРДЕМДЕСУ ШАРАЛАРЫ

22-бап Формальді іс-әрекеттерді жеңілдету

Әрбір Уағдаласушы мемлекет арнаулы ережелер шығару немесе өзге де жолдармен Уағдаласушы мемлекеттер арасында әуе кемелері, навигациясына жәрдемдесу мен оны тездету жөнінде және қажеттілік тумаған кездерде әуе кемелері, жолаушылар мен жүк кідірісін болдырмаудың, әсіресе иммиграцияға, карантинге, кедендік бақылау мен шығаруға қатысты заңдарды қолданған кезде кідіртпеудің барлық мүмкін шараларын қабылдауға келіседі.

23-бап Кедендік рәсімдер және көшіп келу рәсімдері

Әрбір Уағдаласушы мемлекет осы Конвенцияға сәйкес уақыттың өтуіне орай белгіленуі немесе ұсынылуы мүмкін практикаға сәйкес халықаралық аэронавигацияға қатысты кедендік және иммиграциялық рәсімдерді, қанша рет белгілеуге болады деп есептесе сонша рет белгілеуге міндеттенеді. Осы Конвенциямен ешқайсысы әуежайларды әдеттегі кедендік рәсімдерді орындаудан босататын әуежайлар құруға кедергі келтіретіндей түсіндірілмеуге тиіс.

24-бап Кедендік баждар

а) Басқа Уағдаласушы мемлекеттің аумағына, аумағынан немесе аумағы арқылы ұшқан кезде осы мемлекеттің кеден ережелері ескеріле отырып, әуе кемелері баж төлемдерінсіз уақытша жіберіледі. Басқа Уағдаласушы мемлекеттің аумағына келгенде Уағдаласушы мемлекеттің әуе кемесінің бортында болған және осы мемлекеттің аумағынан кеткен кезде бортта қалған отын, жағар май, қосалқы бөлшектер, комплект жабдықтар мен қорлар кедендік баждан, тінту алымдарынан және осыған ұқсас

мемлекеттік немесе жергілікті баждар мен алымдардан босатылады. Бұл босату осы мемлекеттің кедендік ережелерінде көзделген, олардың кедендік қадағалауда болуға тиістігін талап ете алатын жағдайларды қоспағанда, олардың саны мен атауына қарамастан, кез келген түсірілген жүкке қолданылмайды.

б) Басқа Уағдаласушы мемлекеттің халықаралық аэронавигациямен айналысатын әуе кемесіне қондыру немесе пайдалану үшін Уағдаласушы мемлекеттің аумағына әкелінген қосалқы бөлшектер мен жабдық, осы заттар кеден қадағалауы мен бақылауында болуы көзделуі мүмкін мемлекеттің ережелері сақталған жағдайда, кеден бажынан босатылады.

25-бап Апатқа ұшыраған әуе кемелері

Әрбір Уағдаласушы мемлекет оның аумағында апатқа ұшыраған, әуе кемесіне олар мүмкін болатын көмек көрсету жөнінде шаралар қолдануға міндеттенеді және өз өкіметі тарапынан бақылауды жүзеге асыру қажет болған кезде осы әуе кемесінің меншік иесімен осы әуе кемесі тіркелген мемлекеттің өкіметімен аталған жағдай талап еткендей көмек шараларын шешеді. Әрбір Уағдаласушы мемлекет жоғалған әуе кемесін іздестіру ұйымдастырылған кезде осы Конвенцияға сәйкес уақыттың өтуіне орай ұсынылуы мүмкін келісілген шараларды жүзеге асыруға ынтымақтасатын болады.

26-бап Оқиғаларды тергеу

Бір Уағдаласушы мемлекеттің әуе кемесінде басқа Уағдаласқан мемлекеттің аумағында өлімге немесе айтарлықтай дене жарақатына әкеп соқтырған не әуе кемесінің немесе аэронавигациялық құралдардың едәуір техникалық ақаулығын байқатқан оқиға болған жағдайда оқиға болған аумақтағы мемлекет оқиғаның мән-жайына Халықаралық азаматтық авиация ұйымдары ұсынуы мүмкін рәсімдерге сәйкес тергеу тағайындайды, бұған оның заңдарымен жол беріледі. Әуе кемесі тіркелген мемлекет тергеу кезінде қатысу үшін байқаушылар тағайындау мүмкіндігін береді, ал тергеу жүргізетін мемлекет осы мемлекетке тергеу туралы есеп және қорытынды жібереді.

27-бап Патент талабы бойынша тұтқындаудан босату

а) халықаралық аэронавигацияны жүзеге асырған кезде бір Уағдаласушы мемлекеттің әуе кемесінің басқа Уағдаласушы мемлекеттің аумағымен кез келген рұқсат алып ұшуы немесе қона отырып немесе қонбастан осы мемлекеттің аумағы арқылы рұқсат етілген транзиттік ұшуы әуе кемесінің конструкциясы, механизмі, тетіктері, қосымша жабдықтары немесе оны пайдалану осы әуе кемесі келіп қонған аумақтағы мемлекетте тиісінше берілген немесе тіркелген қайсыбір патентке,

өнеркәсіптік нұсқа мен үлгіге құқықты бұзушылық болып табылады деген негізде осы әуе кемесін тұтқындауға немесе оны ұстауға, соңғысының меншік иесіне немесе пайдаланушыға қандай да болсын талап қоюға немесе осы мемлекет тарапынан немесе соның атынан немесе оның аумағындағы кез келген тұлғаның қандай да болсын өзгелей араласуына әкеп соқтырмайды; демек, осындай әуе кемесі келіп қонған мемлекетте қандай жағдайда болсын әуе кемесін тұтқындаудан немесе ұстаудан жоғарыда аталған босатуға байланысты кепіл талап етілмейді деуге болады.

б) Осы баптың а) тармағындағы ереже, сондай-ақ Уағдаласушы мемлекеттің әуе кемесі кез келген басқа Уағдаласушы мемлекеттің аумағында жөнделген кезде кез келген патенттелген бөлшек немесе жабдық ел ішінде сатылмайтын немесе таратылмайтын немесе Уағдаласушы мемлекеттен осы әуе кемесі келген аумаққа коммерциялық мақсатта экспортқа шығарылмай сақталатын жағдайда, қосалқы бөлшектерді және қосалқы жабдықтарды әуе кемесі үшін сақтауға және оларды пайдалану және оларды пайдалану мен қондыру құқығына қолданылады.

с) Осы баппен көзделген артықшылықтар тек мынадай мемлекетте - осы Конвенцияға қатысушылар не 1) Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Халықаралық конвенцияға қатысушылар және оған кез келген өзгерту енгізушілер болып табылатын, не 2) осы Конвенцияға қатысушы басқа мемлекеттер азаматтарының жаңалықтарын танитын және олардың тиісінше қорғалуын қамтамасыз ететін патент заңдарын қабылдаған мемлекетте ғана қолданылады.

28-бап Аэронавигациялық құралдар мен стандартты жүйелер

Әрбір Уағдаласушы мемлекет, мұны қаншалықты мүмкін деп есептеуіне орай:

а) өз аумағындағы әуежайларды, радио- метеорологиялық қызметті және басқа аэронавигациялық құралдарды халықаралық аэронавигацияға осы Конвенцияға сәйкес уақыттың өтуіне орай ұсынылатын немесе белгіленетін стандарттар мен практикаға сәйкес ықпал ету үшін беруге;

б) осы Конвенцияға сәйкес уақыттың өтуіне орай ұсынылуы немесе белгіленуі мүмкін байланыс, код, таңбалау, сигнал, жарық жабдықтарын және басқа пайдалану практикасы рәсімдері мен ережелердің тиісті стандартты жүйелерін қабылдауға және қолданысқа енгізуге;

с) осы Конвенцияға сәйкес уақыттың өтуіне орай ұсынылатын немесе белгіленетін стандарттарға сәйкес аэронавигациялық карталар мен схемалар шығаруды қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық шараларға ынтымақтасуға міндеттенеді.

V ТАРАУ ӘУЕ КЕМЕЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ САҚТАЛУҒА ТИІС ШАРТТАР

29-бап Әуе кемесінде болатын құжаттама

Уағдаласушы мемлекеттің Халықаралық навигациямен айналысатын әрбір әуе кемесінің бортында осы Конвенциямен белгіленген шарттарға сәйкес мынадай құжаттар :

- a) оның тіркелгені туралы куәлігі;
- b) оның ұшуға жарамдығы туралы куәлігі;
- c) экипаждың әр мүшесінің тиісті куәлігі;
- d) борт журналы ;
- e) егер ол радиоаппаратурамен жабдықталған болса - борт радиостанциясына рұқсаты ;
- f) егер ол жолаушы таситын болса - ұшып шығатын және барып қонатын жері көрсетіле отырып, олардың фамилияларының тізімі;
- g) егер ол жүк таситын болса - жүкке манифест және егжей-тегжейлі толтырылған декларация болуға тиіс.

30-бап Әуе кемелерінің радиожабдықтары

a) Әрбір Уағдаласушы мемлекеттің Басқа Уағдаласушы мемлекеттің аумағындағы немесе аумағы үстіндегі әуе кемесінде, егер әуе кемесі тіркелген мемлекеттің құзыретті өкіметі осы аппаратураны қондыруға және пайдалануға рұқсат берген жағдайда ғана, радио хабарларын тарататын аппаратура болуы мүмкін. Уағдаласушы мемлекеттің ұшу жүргізілетін аумағында радиоаппаратураны пайдалану осы мемлекет белгілеген ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

b) Радио хабарларын тарататын аппаратураны тек әуе кемесі тіркелген мемлекеттің құзыретті өкіметі берген арнаулы рұқсаты бар ұшу экипажы мүшелері ғана пайдалана алады.

31-бап Ұшуға жарамдылықты айғақтау

Халықаралық навигациямен айналысатын әрбір әуе кемесі осы әуе кемесі тіркелген мемлекет берген немесе күшіне енгізген ұшуға жарамдылығы туралы куәлікпен қамтамасыз етіледі.

32-бап Экипаж мүшелерінің куәлігі

a) Халықаралық навигациямен айналысатын әуе кемесінің әрбір ұшқышы және әрбір әуе кемесі экипажы ұшу құрамының басқа мүшелері осы әуе кемесі тіркелген мемлекет берген біліктілік туралы куәліктермен және немесе күшіне енгізген куәліктермен қамтамасыз етіледі.

б) Әрбір Уағдаласушы мемлекет өз аумағы үстінде ұшуды орындау мақсатында оның кез келген азаматына басқа Уағдаласушы мемлекет берген біліктілік куәлігін және куәлік етулерді танудан бас тарту құқығын сақтайды.

33-бап Айғақтауды және куәліктерді тану

Әуе кемесі тіркелген Уағдаласушы мемлекет берген немесе күшіне енгізген ұшуға жарамдылық туралы куәліктерді және біліктілік туралы куәліктерді, сондай-ақ айғақтарды басқа Уағдаласушы мемлекеттер мұндай куәліктер немесе айғақтарды өзіне бергізген немесе күшіне енгізген талаптар осы Конвенцияға сәйкес уақыттың өтуіне орай белгіленуі мүмкін ең төмен стандарттарға сай келетін немесе олардан жоғары болатын жағдайда жарамды деп танылады.

34-бап Борт журналдары

Халықаралық навигациямен айналысатын әрбір әуе кемесінде борт журналы жүргізіледі, оған әуе кемесі, оның экипажы және осы Конвенцияға сәйкес уақыттың өтуіне орай болатын әрбір ұшу нысаны туралы деректер енгізіледі.

35-бап Жүктерге қатысты шектеулер

а) Бір де бір әскери жабдық немесе әскери материал, осы мемлекеттің рұқсатын қоспағанда, мемлекеттің аумағына немесе аумағынан халықаралық навигациямен айналысатын әуе кемесімен тасымалданбауға тиіс. Халықаралық азаматтық авиация ұйымы уақыттың өтуіне орай бере алатын ұсыныстардың бірегейлігі мақсатын ескере отырып, әскери жабдықтар немесе әскери материалдар болып табылатындарды осы бапқа орай өз ережелерімен айқындайды.

б) Әрбір Уағдаласушы мемлекет қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтау мүддесінде, бұл ретте оның халықаралық навигациямен айналысатын ұлттық әуе кемелері мен басқа мемлекеттердің осыған ұқсас қызметпен айналысатын әуе кемелері арасында айырма болмайтын жағдайда, сондай-ақ әуе кемесінде әуе кемелерін пайдалану немесе оның навигациясы үшін қажет не экипаж мүшелерінің немесе жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет аппаратураларды тасымалдау мен пайдалануға кедергі келтіруі мүмкін ешқандай шектеу белгіленбейтін жағдайда а) тармақшасында аталғаннан басқа өзге заттарды өз аумағына немесе өз аумағының үстімен тасымалдауды реттеу немесе оған тыйым салу құқығын сақтайды.

36-бап Фотоға түсіру аппаратурасы

Уағдаласушы әрбір мемлекеттің өз аумағында фотоға түсіретін аппаратураны әуе кемесінің бортында пайдалануға тыйым салуына немесе оны регламенттеуіне болады.

VI ТАРАУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ПРАКТИКА

37-бап Халықаралық стандарттар мен рәсімдерді қабылдау

Әрбір Уағдаласушы мемлекет, мұндай бірегейлік аэронавигацияға жәрдемдесетін және оны жетілдіретін барлық мәселе бойынша әуе кемелеріне, қызметкерлерге, әуе жолдарына және қосымша қызметке қатысты ережелердің, стандарттардың, рәсімдер мен ұйымдардың мүмкіндігінше бірегейлік деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз етуде ынтымақтасуға міндеттенеді.

Осы мақсатта Халықаралық азаматтық авиация ұйымы мынадай:

- a) жердегі таңбалауды қоса алғанда, байланыс жүйесі мен аэронавигациялық құралдарға;
- b) әуежайлар мен қону алаңдарының сипаттамасына;
- c) ұшу ережелері мен әуе қозғалысын басқару практикасына
- d) ұшатын және техникалық қызметкерлердің біліктілікті игеруіне;
- e) әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығына;
- f) әуе кемелерін тіркеуге және олардың ұқсастығына;
- g) метеорологиялық ақпараттарды жинауға және олармен алмасуға;
- h) борт журналдарына;
- i) аэронавигациялық карталар мен схемаларға;
- j) кедендік және иммиграциялық рәсімдерге;
- k) апатқа ұшыраған әуе кемелеріне және болған оқиғаны тергеуге; сондай-ақ уақыттың өтуіне орай қабылдау дұрыс болуы мүмкін қауіпсіздікке, аэронавигацияның реттілігі мен тиімділігіне қатысты басқа да мәселелерге байланысты халықаралық стандарттарды, ұсынылатын практика мен рәсімдерді қабылдайды және уақыттың өтуіне орай қажеттілік туындаған жағдайда оны өзгертеді.

38-бап Халықаралық стандарттар мен рәсімдерден ауытқу

Қайсыбір халықаралық стандарттарды немесе рәсімдерді барлық жағынан ұстануды не өзінің жеке ережесін немесе практикасын қайсыбір халықаралық стандартқа немесе рәсімдерге соңғысы өзгергеннен кейін толық сәйкестендіру іс жүзінде қиын деп есептейтін, не халықаралық стандартпен белгіленген ережелерден қайсыбір ерекше айырмашылығы бар ереже мен практика қабылдау қажет деп есептейтін кез келген мемлекет өзінің жеке практикасы мен халықаралық стандартпен белгіленген практика арасындағы айырмалар туралы дереу Халықаралық азаматтық авиация ұйымына хабарлайды. Халықаралық стандарт өзгерген жағдайда өзінің жеке ережесі мен

практикасына өзгеріс енгізбейтін кез келген мемлекет халықаралық стандартқа түзету қабылданғаннан кейін алпыс күннің ішінде бұл туралы Кеңеске хабарлайды немесе ол қабылдайды деп есептейтін шараларды көрсетеді. Мұндай кез келген жағдайда Кеңес халықаралық стандарттың бір немесе бірнеше ережелері арасындағы айырмалар және осы мемлекеттегі тиісті ұлттық практика туралы басқа барлық мемлекетке хабар береді

39-бап Айғақтау мен куәліктердегі белгілер

а) Ұшуға жарамдылықтың мемлекеттік стандарты немесе ұшу сипаттамасы бар және қайсыбір жағынан - осы стандартқа сәйкес келмейтін кез келген әуе кемесіне немесе оның бөлігіне қатысты ұшуға жарамдылық туралы куәлікке сертификат беру кезінде оған әуе кемесі немесе оның бөлшектері бойынша оның осындай стандартқа сәйкес келмейтін бөлшектерінің толық тізбесі енгізіледі немесе қоса тіркеледі.

б) Халықаралық стандартпен белгіленген шарттарға толық қанағаттанбайтын кез келген тұлғаның куәлігіне иесі осы тұлға болып табылатын сыныбына қатысты айғақтауына немесе куәлігіне осы тұлға осындай шартқа жауап бермейтін барлық деректердің толық тізбесі енгізіледі немесе қоса тіркеледі.

40-бап Белгілер соғылған айғақтау мен куәліктердің жарамдылығы

Бір де бір әуе кемесі, сондай-ақ белгі соғылған куәліктері немесе куәлік етулері бар қызметкерлердің бір де бір мүшесі, мемлекеттің немесе олар келіп қонатын аумақтағы мемлекеттердің рұқсатымен болмаса, халықаралық навигацияға қатыспайды. Кез келген осындай әуе кемесін немесе кез келген өзге мемлекетте оның кез келген сертификатталған бөлшегін, оның бастапқы сертификатталғандарын қоспағанда, тіркеу немесе пайдалану әуе кемесі немесе оның бөлшегі импортталатын мемлекеттің қарауына қалдырылады.

41-бап Ұшуға жарамдылықтың қолданылып жүрген стандарттарын тану

Осы тараудың ережелері прототипі осындай жабдықтар үшін ұшуға жарамдылықтың халықаралық стандарты қабылданған күннен бастап үш жыл өткенге дейін сертификаттау үшін құзыретті ұлттық орган берген осындай үлгідегі әуе кемелері мен авиация жабдықтарына қолданылмайды.

42-бап Қызметкерлер біліктілігінің қолданылып жүрген стандарттарын тану

Осы тараудың ережелері осындай қызметкер біліктілігінің халықаралық стандарты бірінші рет қабылданғаннан соң бір жыл өткенге дейін бастапқы куәлік берілген қызметкерге қолданылмайды; алайда олар кез келген жағдайда осындай стандарт

қабылданған датадан бастап бір жыл ішінде куәлік күшінде қалдырылатын барлық қызметкерге қолданылады.

II БӨЛІК ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ ҰЙЫМЫ

VII ТАРАУ ҰЙЫМ

43-бап Атауы және құрылымы

Осы Конвенция ұйымды "Халықаралық азаматтық авиация ұйымы" деген атаумен құрады. Ол Ассамблеядан, Кеңестен және қажет болуы мүмкін басқа да органдардан тұрады.

44-бап Мақсаттары

Халықаралық аэронавигация принциптері мен әдістерін әзірлеу және:

- a) бүкіл дүние жүзінде халықаралық азаматтық авиацияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оның дамытылуын реттеу;
- b) әуе кемелерін конструкциялау өнеріне ынталандыру және оны бейбіт мақсатта пайдалану;
- c) әуе жолдарын, әуежайларды және аэронавигациялық құралдарды халықаралық азаматтық авиация үшін дамытуға ынталандыру;
- d) дүниежүзі халықтарының қауіпсіз, тұрақты, тиімді және үнемді әуе көлігіне сұранысын қанағаттандыру;
- e) жолсыз бәсеке тудыратын экономикалық шығындарды болдырмау;
- f) Уағдаласушы мемлекеттер құқықтарының толық құрметтелуін қамтамасыз ету және Уағдаласушы әрбір мемлекет үшін халықаралық әуе қатынастарымен айналысатын авиакәсіпорындар мүмкіндіктерін әділ пайдалану;
- g) Уағдаласушы мемлекеттерге қатысты кемсітушіліктерді болдырмау;
- h) халықаралық аэронавигацияда ұшудың қауіпсіздігіне игі ықпал ету;
- i) халықаралық азаматтық аэронавтикаға оның барлық қырынан дамуына жалпы жәрдем көрсету үшін халықаралық әуе көлігін жоспарлау мен дамытуға жәрдемдесу ұйымның мақсаты мен міндеті болып табылады.

45-бап Тұрақты орналасқан жері

Ұйымның тұрақты орналасқан жері 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қойылған, Халықаралық азаматтық авиация туралы уақытша келісіммен құрылған Уақытша халықаралық азаматтық авиация ұйымының Уақытша ассамблеясының

қорытынды отырысы айқындайтын жерде болады. Орналасқан жері Кеңестің шешімі бойынша кез келген басқа жерге көшірілуі мүмкін.

46-бап Ассамблеяның бірінші сессиясы

Ассамблеяның бірінші сессиясын Уақытша кеңес белгілейтін уақытта және жерде осы Конвенцияның күшіне енгізілуі бойынша дереу жоғарыда аталған Уақытша ұйымның Уақытша кеңесі шақырады.

47-бап Құқық қабілеті

Ұйымның әрбір Уағдаласушы мемлекеттің аумағында оның қызметін атқаруы үшін қажет болатындай құқық қабілеті болады. Оған тиісті мемлекеттің барлық жерінде оның Конституциясына және заңдарына сай келетін толық құқық субъектілігі беріледі.

VIII ТАРАУ АССАМБЛЕЯ

48-бап Ассамблея сессиясы және дауыс беру

а) Ассамблея жыл сайын жиналады және оны қолайлы уақытта және қолайлы жерде Кеңес шақырады. Кеңестің талап етуімен немесе кез келген он Уағдаласушы мемлекеттің Бас хатшыға жіберген өтініші бойынша кез келген уақытта Ассамблеяның Төтенше сессиясы өткізілуі мүмкін.

б) Барлық Уағдаласушы мемлекеттің Ассамблея сессиясында тең құқығы болады және әрбір Уағдаласушы мемлекеттің бір дауысқа құқығы болады. Уағдаласушы мемлекеттің атынан қатысатын делегаттарға отырыстарға қатыса алатын техникалық кеңесшілер ілесіп жүруі мүмкін, бірақ олардың дауыс беру құқығы болмайды.

с) Кворум жинауы үшін Ассамблея отырысына Уағдаласушы мемлекеттің көпшілігінің қатысуы талап етіледі. Егер осы Конвенциямен өзгеше көзделмесе, Ассамблеяның шешімі берілген көпшілік дауыспен қабылданады.

49-бап Ассамблеяның құқықтары мен міндеттері

Ассамблеяның құқығы мен міндеттері:

- а) әрбір сессияға оның төрағасын және басқа лауазымды адамдарды сайлаудан;
- б) IX тараудың ережелеріне сәйкес, Кеңесте өкілдік ету үшін Уағдаласушы мемлекетті сайлаудан;
- с) Кеңестің есебін қараудан және ол бойынша тиісті шаралар қабылдаудан, сондай-ақ оған Кеңес берген кез келген мәселе бойынша шешім шығарудан;
- д) өзінің жеке рәсімдерінің ережелерін белгілеуден және құру қажет немесе дұрыс

деп есептейтіндей көмекші комиссиялар құрудан;
е) дауыс беру жолымен жылдық бюджетті бекітуден және XII тараудың ережелеріне сәйкес Ұйымның қаржылық шараларын белгілеуден;
f) Ұйымның шығыстарын тексеруден және қаржы есебін бекітуден;
g) Кеңестің өзінің ұйғарымы бойынша көмекші комиссияларға немесе қайсыбір басқа органға оның қызмет аясына кіретін кез келген мәселе ұсынудан;
h) Кеңеске Ұйымның міндетін орындау үшін қажетті немесе қалаулы құқықтар мен өкілеттіктер беруден;
i) XIII тараудың тиісті ережелерін орындаудан;
j) осы Конвенцияның ережелеріне өзгерістер енгізу мен оларға түзетулер туралы ұсыныстарды қараудан және олар осы ұсыныстарды қабылдаған жағдайда, оларды XXI тараудың ережелеріне сәйкес Уағдаласушы мемлекеттерге ұсынудан;
k) Кеңестің міндетіне тура жатқызылмаған, Ұйымның қызмет аясына кіретін кез келген мәселені қараудан тұрады.

IX ТАРАУ КЕҢЕС

50-бап Кеңес құрамы және оны сайлау

а) Кеңес Ассамблея алдында жауапты тұрақты орган болып табылады. Ол Ассамблея сайлаған жиырма бір Уағдаласушы мемлекеттен тұрады. Сайлау Ассамблеяның бірінші сессиясында және бұдан әрі әр үш жыл сайын өткізіледі; Кеңестің осылай сайланған мүшелері өз міндеттерін келесі сайлауға дейін атқарады.

б) Ассамблея Кеңес мүшелерін сайлау кезінде, мыналардың: 1) әуе кеңістігінде жетекші рөл атқаратын мемлекеттердің; 2) өзгеше негізде енгізілмеген, халықаралық азаматтық аэронавигация үшін қызмет көрсету құралдарын беруге неғұрлым көп үлес қосатын мемлекеттердің; және 3) өзгеше негізде енгізілмеген, тағайындалуы Кеңесте дүниежүзінің барлық негізгі географиялық аудандарының өкілдігін қамтамасыз ететін мемлекеттердің тиісті өкілдігін қамтамасыз етеді. Ассамблея Кеңестегі кез келген бос орынды мүмкіндігінше тез арада толықтырады. Кеңеске осылай сайланған кез келген Уағдаласушы мемлекет өз міндеттерін өз жолбастаушысы өкілеттігінің мерзімі аяқталғанша атқарады.

с) Уағдаласушы мемлекеттің Кеңестегі бірде-бір өкілі халықаралық әуе қатынастарын пайдалануға белсенді араласпайды немесе мұндай қатынастарда қаржылық мүддесі болмайды.

51-бап Кеңес Президенті

Кеңес өз Президентін үш жыл мерзімге сайлайды. Ол қайта сайлануы мүмкін. Оның дауыс беру құқығы жоқ Кеңес өз мүшелері арасынан бірнеше вице-президент сайлайды, олар Президент міндеттерін атқарған кезде дауыс беру құқығын сақтап қалады. Президент Кеңес мүшелері арасынан сайлануы міндетті емес, бірақ мұндай өкіл Президент лауазымына сайланса, оның орны бос деп есептеліп, ол білдіріп келген мемлекет сол орынды иеленеді.

Президент міндеттерінің мәнісі:

- a) Кеңес, Әуе көлігі комитеті мен Аэронавигациялық комиссияотырыстарын шақыру;
- b) Кеңес өкілі ретінде әрекет жасау;
- c) Кеңес жүктеген жұмыстарды Кеңес атынан орындау.

52-бап Кеңесте дауыс беру

Кеңес шешімдері оның мүшелері көпшілігінің мақұлдауын талап етеді. Кеңес қандай да бір жеке бір мәселе бойынша өз өкілеттіктерін өз мүшелері арасынан құрылған комитетке табыстай алады. Кеңестің кез келген комитетінің шешіміне кез келген мүдделі Уағдаласушы мемлекет Кеңеске шағым жасауы мүмкін.

53-бап Дауыс беру құқығынсыз қатысу

Кез келген Уағдаласушы мемлекет өз мүдделерін ерекше қозғайтын кез келген мәселені Кеңес пен оның комитеттері мен комиссияларының қарауына дауыс беру құқығын иеленбесе де қатыса алады. Кеңес мүшелерінің ешқайсысы да өзі тараптардың бірі болып табылатын дауды Кеңестің қарауы кезінде дауыс беруге қатыспайды.

54-бап Кеңестің міндетті қызметтері

К е ң е с :

- a) Ассамблеяға жылдық баяндамаларды табыс етеді;
- b) Ассамблея нұсқауларын орындайды және осы Конвенция жүктеген міндеттер мен міндеттемелерді орындайды;
- c) өзінің ұйымдық құрылымы мен өзінің рәсім ережелерін айқындайды;
- d) Кеңес мүшелерінің өкілдері арасынан құрылатын және олардың алдында жауапты Әуе көлігі комитетін тағайындайды және оның міндеттерін айқындайды;
- e) Аэронавигациялық комиссия Х Тараудың ережелеріне сәйкес бекітеді;
- f) Ұйымның қаржысына XII және XV Тараулардың ережелеріне сәйкес билік етеді;
- g) Кеңес Президентінің жалақысын белгілейді;
- h) Бас хатшы деп аталатын басты атқарушы лауазымды адамды тағайындайды, сондай-ақ XI Тараудың ережелеріне сәйкес қажет болатын басқа да қызметкерді

тағайындау үшін шаралар қабылдайды;

і) пайдалану шығыстары туралы мәліметтер мен авиакәсіпорындарға мемлекеттік қорлардан төленетін субсидиялар туралы егжей-тегжейлі деректерді қоса алғанда, аэронавигацияның дамуы мен халықаралық әуе қатынастарын пайдалануға қатысты мәліметтер сұрайды, жинайды, зерделейді және жариялайды;

к) Уағдаласушы мемлекеттерге осы Конвенцияны бұзушылықтың кез келгені жөнінде, сондай-ақ Кеңес ұсыныстары немесе шешімдері орындалмауының кез келгені жөнінде хабарлайды;

л) осы Конвенцияның VI Тарауының ережелеріне сәйкес халықаралық Стандарттар мен Ұсынылатын практиканы қабылдайды; ыңғайлылық үшін оларды осы Конвенцияға Қосымшалар деп атайды; және барлық Уағдаласушы мемлекеттерді қабылданған шаралар жөнінде хабардар етеді;

м) Аэронавигациялық комиссияның Қосымшаларды өзгерту жөніндегі ұсыныстарын қарайды және XX Тараудың ережелеріне сәйкес шаралар қабылдайды;

н) кез келген Уағдаласушы мемлекет Конвенцияға қатысты беретін кез келген мәселені қарайды.

55-бап Кеңестің факультативтік қызметтері

К е ң е с :

а) орынды кездерде, және тәжірибе көрсететіндей, қалағанынша, өзіне бағынысты әуе көлігі комиссияларын аймақтық немесе өзгеше негізде құра алады және мемлекеттердің немесе авиакәсіпорындардың топтарын белгілей алады, Кеңес осы Конвенцияның мақсаттарын олардың көмегі немесе іске араласуы арқылы жүзеге асыруға жәрдемдесе алады;

б) Конвенцияда жазылған міндеттерге қосымша міндеттерді Аэронавигациялық комиссияға бере алады, табысталған осындай өкілеттіктердің күшін кез келген уақытта жоя алады немесе оларды өзгерте алады;

с) халықаралық маңызы бар әуе көлігі мен аэронавигацияның бүкіл аспектілері бойынша зерттеулер жүргізе алады, өз зерттеулерінің нәтижелерін Уағдаласушы мемлекеттерге хабарлай алады және Уағдаласушы мемлекеттер арасында әуе көлігі мен аэронавигация мәселелері бойынша ақпарат алмасуға жәрдемдесе алады;

д) халықаралық меншік және негізгі маршруттар бойынша халықаралық әуе қатынастарын пайдалану мәселелерін қоса алғанда, халықаралық әуе көлігін ұйымдастыру мен пайдалануға ықпал ететін кез келген мәселелерді зерделей алады және Ассамблеяға осы мәселелер бойынша ұсыныстар табыс ете алады;

е) орын алған кезінде халықаралық аэронавигацияның дамуы жолында жоюға болатын кедергілер туындауы мүмкін болатын кез келген жағдайды кез келген

Уағдаласушы мемлекеттің өтініші бойынша тергей алады және осы тергеуден кейін өзі қажет деп ұйғаратын есепті жарыққа шығара алады.

X ТАРАУ АЭРОНАВИГАЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ

56-бап Комиссияға мүшелер ұсыну және оларды тағайындау

Аэронавигациялық комиссия Кеңес Уағдаласушы мемлекеттер ұсынған адамдар арасынан ұсынған тағайындаған жиырма мүшеден тұрады. Бұл адамдардың тиісті біліктілігі мен аэронавигацияның ғылыми және практикалық салалары бойынша тәжірибесі болу керек. Кеңес барлық Уағдаласушы мемлекеттерге кандидатуралар ұсыну жөнінде өтінішпен жүгінеді. Аэронавигациялық комиссия төрағасын Кеңес тағайындайды.

57-бап Комиссияның міндеттері

Аэронавигациялық комиссия :

- a) осы Конвенцияға Қосымшаларды өзгерту туралы ұсыныстарды қарайды және Кеңеске оларды қабылдау үшін ұсынады;
- b) кез келген Уағдаласушы мемлекет өкіл ұстай алатын техникалық кіші комиссияларды, ол тілек білдірген жағдайда, бекітеді;
- c) Кеңеске өзі аэронавигация дамуы үшін қажет әрі пайдалы деп ұйғарған бүкіл мәліметтерді Уағдаласушы мемлекеттердің жинауы мен беруіне қатысты кеңес береді.

XI ТАРАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

58-бап Қызметкерлер тағайындау

Кеңес Ассамблея белгілеген ережелерді және осы Конвенцияның ережелерін ескере отырып, Бас хатшыны және Ұйымның басқа да қызметкерлерін қызметке тағайындау және босату тәртібін, оларды даярлау, оларға еңбекақы, жәрдемақы және қызмет ету жағдайын белгілейді және кез келген Уағдаласушы мемлекеттің азаматтарын жұмысқа жалдай алады немесе олар көрсететін қызметтерді пайдалана алады.

59-бап Қызметкерлердің халықаралық сипаты

Кеңес Президенті, Бас хатшы және басқа да қызметкерлер Ұйым үшін құрылған қандай да болсын өкіметтен өз міндеттерін атқаруға қатысты нұсқаулар сұрамауға

немесе алмауға тиіс. Әрбір Уағдаласушы мемлекет қызметкерлер міндеттерінің халықаралық сипатын толық сыйлауға және өз азаматтарының ешқайсысына да олардың өз міндеттерін атқаруына қатысты ықпал етуге ұмтылмауға міндеттенеді.

60-бап Қызметкерлердің иммунитеттері мен артықшылықтары

Әрбір Уағдаласушы мемлекет, өз конституциялық тәртібі рұқсат еткен шекке дейін, Кеңес Президентіне, Бас хатшыға және Ұйымның басқа да қызметкерлеріне басқа да халықаралық мемлекетаралық ұйымдардың тиісті қызметкерлеріне берілетін иммунитеттер мен артықшылықтар беруге міндеттенеді. Егер халықаралық азаматтық қызметшілердің иммунитеттері мен артықшылықтары туралы жалпы халықаралық келісім жасалатын болса, Президентке, Бас хатшыға және Ұйымның басқа да қызметкерлеріне берілетін иммунитеттер мен артықшылықтар осындай жалпы халықаралық келісім беретін иммунитеттер мен артықшылықтарға сәйкес болуға тиіс.

XII ТАРАУ ҚАРЖЫ

61-бап Бюджет және шығыстарды бөлу

Кеңес Ассамблеяға жылдық бюджетті, есеп-шоттардың жай-күйі туралы жылдық есепті және барлық түсімдер мен шығыстар бойынша топшыламаларды табыс етеді. Ассамблея жарналарды XV Тарауға сәйкес келісім берген мемлекеттер үшін алып тастап, бюджетті өзі қажет деп ұйғарған барлық өзгерістерімен дауыс беру жолымен қабылдайды, Ұйым шығыстарын уақыттың өтуіне орай айқындап алатын негізде Уағдаласушы мемлекеттер арасында бөледі.

62-бап Дауыс беру құқығын тоқтата тұру

Ассамблея Ұйым алдында қаржы міндеттемелерін орынды мерзім шегінде орындамай отырған кез келген Уағдаласушы мемлекеттің Ассамблеяда және Кеңесте дауыс беру құқығын тоқтата тұрады.

63-бап Делегациялар мен басқа да өкілдер шығыстары

Әрбір Уағдаласушы мемлекет Ассамблеядағы өз делегациясының шығыстарын, Кеңесте жұмыс істеу үшін өзі тағайындайтын кез келген адамның және өзі Ұйымның кез келген көмекші комитеттері мен комиссияларына, тағайындаған мүшелерді немесе өкілдерді ұстап тұруды, жол және басқа да шығыстарды өз мойнына алады.

XIII ТАРАУ БАСҚА ДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР

64-бап Қауіпсіздік туралы келісімдер

Ұйым авиацияға қатысы бар, Ұйымның құзыреті жүретін және халықаралық қауіпсіздікке тікелей ықпал ететін мәселелерге қатысты, дүниежүзі халықтары бейбітшілікті сақтау үшін құрған кез келген жалпыға бірдей ұйыммен тиісті келісімдерді, Ассамблеяның мақұлдауы арқылы, дауыс беру жолымен, жасай алады.

65-бап Басқа да халықаралық мекемелермен келісімдер

Кеңес ортақ қызметтерді ұстап тұру үшін қызметкерлерге қатысты жалпы ережелер қабылдау үшін Ұйым атынан басқа да халықаралық мекемелермен келісімдер жасай алады және Ұйымның жұмысына жәрдемдесе алатын мұндай басқа да келісімдерді Ассамблеяның мақұлдауы арқылы жасай алады.

66-бап Басқа келісімдерге қатысты қызметтер

а) Ұйым Чикагода 1944 жылғы 7 желтоқсанда әзірленген Халықаралық әуе қатынастарындағы транзит туралы келісім мен Халықаралық әуе көлігі туралы келісім жүктеген жұмыстарды да оларда белгіленген шарттар мен ережелерге сәйкес атқарады.

б) Ассамблеяның және Кеңестің Чикагода 1944 жылғы 7 желтоқсанда әзірленген Халықаралық әуе қатынастарындағы транзит туралы келісім мен Халықаралық әуе көлігі туралы келісімді қабылдамаған мүшелерінің Ассамблеяға немесе Кеңеске тиісті Келісім ережелері негізінде берілген мәселелердің ешқайсысы бойынша дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

III БӨЛІК ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕ КӨЛІГІ

XIV ТАРАУ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

67-бап Кеңеске есеп табыс ету

Әрбір Уағдаласушы мемлекет халықаралық әуе қатынастарымен айналысатын өз авиакәсіпорындарының Кеңес белгілейтін талаптарға сәйкес тасымалдау туралы есептерді, шығыстар бойынша статистиканы және барлық түсімдер мен олардың шығу көздерін басқалармен бірге көрсете отырып қаржылық деректерді Кеңеске табыс етуі үшін міндетті.

XV ТАРАУ ӘУЕЖАЙЛАР МЕН БАСҚА ДА АЭРОНАВИГАЦИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАР

68-бап Маршруттар мен әуежайлар белгілеу

Әрбір Уағдаласушы мемлекет осы Конвенция ережелерін ескере отырып, өз аумағы шегінде кез келген халықаралық әуе қатынасы жүзеге асырылатын маршрут, сондай-ақ кез келген осындай қатынас кезінде пайдалануға болатын әуежайлар белгілей алады.

69-бап Аэронавигациялық құралдарды жетілдіру

Егер Кеңес қандай да бір Уағдаласушы мемлекеттің радио- және метеорологиялық қызмет көрсету құралдарын қоса алғанда, әуежайлары немесе басқа да аэронавигация құралдары жұмыс істеп тұрған да, жоспарлап қойылған да халықаралық әуе қатынастарын қауіпсіз, ұдайы, тиімді және үнемді пайдалану талаптарына толық сай келмейді деп есептесе, тікелей мүдделі осы мемлекетпен және мүдделері қозғалып отырған басқа да мемлекеттермен мұндай жағдайды түзетуге көмегі тиюі мүмкін құралдарды іздестіру үшін ақылдасады және осы мақсатта ұсыныстар бере алады. Егер Уағдаласушы мемлекет осы ұсыныстарды орындамаса, осы Конвенцияның бұзылуына кінәлі деп есептелмейді.

70-бап Аэронавигациялық құралдарды қаржыландыру

69-баптың ережелерінде көзделген жағдайлар туындаған кезде, Уағдаласушы мемлекет мұндай ұсыныстарды жүзеге асыру мақсатында, Кеңеспен келісім жасай алады. Мемлекет мұндай кез келген келісімге байланысты барлық шығыстарды өз мойнына алуы жөнінде шешім қабылдай алады. Егер мемлекет мұндай шешім қабылдамаса, Кеңес осы мемлекеттің өтініші бойынша, осы шығыстардың бәрінің немесе бір бөлігінің орнын толтыруға келісім бере алады.

71-бап Кеңестің құралдар беруі және ұстауы

Егер Уағдаласушы мемлекет мұны сұраса, өз аумағында басқа да Уағдаласушы мемлекеттердің халықаралық әуе қатынастарын қауіпсіз, ұдайы, тиімді және үнемді пайдалану үшін қажет радио- және метеорологиялық қызмет көрсету құралдарын қоса алғанда, әуежайларды және басқа да аэронавигация құралдарын беруге, оларды қызметкерлердің жинақтауына, оларды ұстап тұруға және олардың қызметіне әкімшілік басшылық етуге толығымен немесе ішінара келісім бере алады және берілген құралдарды пайдаланғаны үшін әділ де орынды алым белгілей алады.

72-бап Жер учаскелерін иелену және пайдалану

Егер Кеңес қандай да бір Уағдаласушы мемлекеттің өтініші бойынша толығымен немесе ішінара қаржыландыратын құралдар үшін жер учаскелері талап етілетін болса, осы мемлекет жер учаскелерін не меншік құқығын өз тілегі бойынша сақтай отырып береді, не осы жер учаскелерін Кеңестің әділ де орынды шарттармен және осы мемлекеттің заңдарына сәйкес пайдалануына жәрдемдеседі.

73-бап Қорларды жұмсау және бөлу

Кеңес Ассамблея XII Тарауға сәйкес беруі мүмкін қорлар шегінде ағымдағы шығыстарды Ұйымның жалпы қорларынан осы Тараудың мақсаттары үшін жүргізе алады. Кеңес осы Тараудың мақсаттары үшін талап етілетін негізгі шығыстарды өтеуді бұған келіскен және авиакәсіпорындар жоғарыда аталған құралдарды пайдаланатын Уағдаласушы мемлекеттер арасында орынды уақыт кезеңіне алдын ала келісілген үлестермен бөледі. Кеңес кез келген қажет айналым қорларының орнын толтыруды келісім білдірген мемлекеттер арасында да бөледі.

74-бап Техникалық көмек және табыстарды пайдалану

Кеңес Уағдаласушы мемлекеттің өтініші бойынша қорларды авансылаған немесе әуежайларды немесе басқа да құралдарды толығымен немесе ішінара берген кезде, келісім осы әуежайлар мен басқа да құралдардың қызметін басқару мен оларды пайдалану үшін техникалық көмек және осы әуежайлар мен басқа да құралдарды пайдалану бойынша ағымдағы шығыстарды төлеуді және әуежайлар мен басқа да құралдарды пайдаланудан түсетін табыстар есебінен проценттік және амортизациялық аударымдарды осы мемлекеттің келісуі арқылы көздей алады.

75-бап Кеңестің қарауынан құралдар беру

Уағдаласушы мемлекет 70-бапқа сәйкес өзі қабылдаған міндеттемелерден кез келген уақытта бас тарта алады және Кеңестің пікірінше, осы жағдайларда орынды болып табылатын соманы Кеңеске төлеп, Кеңес оның аумағында 71 және 72-баптардың ережелеріне сәйкес берген әуежайлар мен басқа да құралдарды өз қарауына ала алады. Егер мемлекет Кеңес тағайындаған сома орынды шамадан көп деп ұйғарса, ол Кеңес шешіміне Ассамблея алдында шағым жасай алады және Ассамблея Кеңестің шешімін бекіте немесе өзгерте алады.

76-бап Қорларды қайтару

Мемлекеттер жарналарды бастапқы кезде 73-бапқа сәйкес енгізген жағдайда, Кеңес 75-бапқа сәйкес орнын толтыру тәртібімен алған, сондай-ақ 74-бапқа сәйкес проценттер мен амортизациялық аударымдар есебінен алған қорлар жарналар бастапқы кезде белгіленген мемлекеттерге олардың Кеңес белгілеген жарналары мөлшеріне бара-бар етіп қайтарылады.

XVI ТАРАУ БІРЛЕСІП ПАЙДАЛАНУ ҰЙЫМДАРЫ ЖӘНЕ ПУЛДЫҚ КЕЛІСІМДЕР

77-бап Рұқсат етілген бірлесіп пайдалану ұйымдары

Осы Конвенциядағы ештеңе екі немесе одан көп Уағдаласушы мемлекеттің авиакөлікті бірлесіп пайдалану ұйымдарын немесе халықаралық пайдалану агенттіктерін құруына және кез келген маршруттар мен кез келген аудандардағы өз әуе қатынастарын пулға біріктіруіне кедергі тигізбейді, алайда мұндай ұйымдарға немесе агенттіктерге, сондай-ақ пулдық қатынастарға осы Келісімнің барлық ережелері, оның ішінде келісімдерді Кеңесте тіркеуге қатысты ережелер де қолданылады. Кеңес осы Келісімнің ұлттық әуе кемелеріне қатысты ережелерін халықаралық пайдалану агенттіктері пайдаланатын әуе кемелеріне қолдану тәртібін белгілейді.

78-бап Кеңестің рөлі

Кеңес мүдделі Уағдаласушы мемлекеттерге кез келген маршруттарда немесе кез келген аудандарда әуе қатынастарын пайдалану үшін бірлескен ұйымдар құруды ұсына алады.

79-бап Пайдалану жөніндегі ұйымдарға қатысу

Мемлекет бірлесіп пайдалану ұйымдарына немесе пулдық келісімдерге не өз үкіметі арқылы, не өз үкіметі тағайындаған бір немесе бірнеше авиакөлік компаниясы арқылы қатыса алады. Осы компаниялар тек мүдделі мемлекеттің қалауы бойынша не толығымен немесе ішінара мемлекеттік меншікте, не жеке меншікте бола алады.

IV БӨЛІК ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

XVII ТАРАУ АЭРОНАВТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША БАСҚА ДА КЕЛІСІМДЕР

80-бап Париж және Гавана конвенциялары

Әрбір Уағдаласушы мемлекет осы Конвенция күшіне енгізілгеннен кейін, Парижде 1919 жылғы 13 қазанда қол қойылған Әуе навигациясын реттеу туралы конвенцияның немесе Гаванада 1928 жылғы 20 ақпанда қол қойылған Коммерциялық авиация туралы конвенцияның кез келгеніне де қатысушы болса, олардың күшін жою туралы мәлімдемені кідіріссіз жасауға міндеттенеді. Осы Конвенция Уағдаласушы мемлекеттер арасындағы қатынастарда жоғарыда аталған Париж және Гавана конвенцияларын алмастырады.

81-бап Бар келісімдерді тіркеу

Осы Конвенция күшіне енгізілген күні аэронавтика мәселелері бойынша бар және Уағдаласушы мемлекет пен кез келген басқа мемлекет арасында, не Уағдаласушы мемлекеттің авиакәсіпорны мен кез келген басқа мемлекет немесе кез келген басқа мемлекеттің авиакәсіпорны арасында жасалған барлық келісімдер Кеңесте кідіріссіз тіркелуге тиіс.

82-бап Үйлеспейтін келісімдердің күшін жою

Уағдаласушы мемлекеттер осы Конвенция өз ережелерімен үйлеспейтін барлық міндеттемелер мен олардың арасындағы келісімдердің күшін жоятынын таниды және кез келген мұндай келісімдерді өз мойнына алмауға және осыған ұқсас келісімдер жасамауға міндеттенеді. Ұйымға кіргенге дейін осы Конвенцияның ережелерімен үйлеспейтін қандай да болсын міндеттемелерді уағдаласпайтын мемлекетке немесе Уағдаласушы мемлекеттің не уағдаласпайтын мемлекеттің азаматына қатысты өз мойнына алған Уағдаласушы мемлекет осы міндеттемелерден босау үшін шараларды кідіріссіз қабылдайды. Егер кез келген Уағдаласушы мемлекеттің авиакәсіпорны кез келген мұндай үйлеспейтін міндеттемелерді өз мойнына алса, оның ұлтының мемлекеті оларды кідіріссіз тоқтатуды қамтамасыз ету үшін шамасы жеткен әрекеттің бәрін жасайды және мұндай іс-әрекет осы Конвенция күшіне енгізілгеннен кейін заңды негізде жүзеге асырылуы мүмкін болған бойда оларды кез келген жағдайда тоқтатуға қол жеткізеді.

83-бап Жаңа келісімдерді тіркеу

Кез келген Уағдаласушы мемлекет алдыңғы Баптың ережелерін сақтаған жағдайда, осы Конвенция ережелерімен үйлеспейтін болып табылмайтын келісімдер жасай алады. Кез келген мұндай келісім Кеңесте кідіріссіз тіркелуге тиіс, ол мүмкіндігінше тез арада бұл жөнінде жарияланым әзірлейді.

XVIII ТАРАУ ДАУЛАР ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ОРЫНДАЛМАУЫ

84-бап Дауларды шешу

Егер екі немесе одан көп Уағдаласушы мемлекет арасында осы Конвенция мен оның Қосымшаларын түсіндіруге немесе қолдануға қатысты қандай да болсын пікірталас келіссөздер жолымен реттелуі мүмкін болмаса, оны Кеңес осы пікірталасқа тартылған кез келген мемлекеттің өтініші бойынша шешеді. Кеңестің қандай да болсын дау тарабы болып табылатын мүшелерінің ешқайсысы да Кеңестің осы дауды қарауы кезінде дауыс беруге қатыспайды. Кез келген Уағдаласушы мемлекеттің 85-бап ережелерін сақтаған жағдайда, Кеңес шешіміне даудағы басқа тараппен келісім бойынша құрылған ad hoc аралық сотына немесе Халықаралық Сот төрелігінің Тұрақты Палатасына шағым жасауына болады. Кеңесті кез келген мұндай шағым жасау жөнінде Кеңес шешімі туралы хабарламаны алғаннан кейін алпыс күн ішінде хабардар етеді.

85-бап Аралық сот рәсімі

Егер қандай да бір Уағдаласушы мемлекет - Кеңес шешіміне шағым жасалған даудағы тарап Халықаралық Сот төрелігі Тұрақты Палатасының Статутын мойындамаса және Уағдаласушы мемлекеттер - даудағы тараптар аралық сотты сайлау туралы келісімге келе алмаса, Уағдаласушы мемлекеттер - даудағы тараптардың әрқайсысы бір-бір төрені атап айтады, ал төрелер бас төрені сайлайды. Егер Уағдаласушы мемлекеттер - даудағы тараптардың қандай да болсын біреуі шешімге шағым жасалған күннен бастап үш ай кезең ішінде төрені атап айтпаса, Кеңес Президенті осы мемлекеттің атынан төрені Кеңес жүргізетін, Кеңесте бар білікті адамдар тізімі ішінен тағайындайды. Егер төрелер отыз күн ішінде бас төре жөнінде уағдаласа алмаса, Кеңес Президенті оны жоғарыда аталған тізім ішінен тағайындайды. Төрелер мен бас төре бұдан кейін аралық сотты бірлесіп құрады. Осы немесе алдыңғы Бапқасәйкес құрылған кез келген аралық сот өз рәсімін белгілейді және Кеңестің пікірінше, шамадан ұзақ болып табылатын қандай да болсын кідіріс болған кезде рәсімдік мәселелерді Кеңес шеше алатын жағдайда, өз шешімін дауыс көпшілігімен шығарады.

86-бап Шағым жасау

Егер Кеңес өзгеше шешпесе, Кеңестің авиакәсіпорын халықаралық әуе бағыттарын осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес пайдаланатыны-пайдаланбайтыны туралы шешімі, шағым жасау тәртібімен күшін жоймаған жағдайда, өз күшін сақтап қалады. Кеңестің кез келген басқа да мәселе бойынша шешімдеріне шағым жасалған жағдайда,

олар шағым жасау бойынша шешім қабылданғанға дейін тоқтатыла тұрады. Халықаралық Сот төрелігі Тұрақты Палатасының немесе аралық соттың шешімдері түпкілікті және міндетті болып табылады.

87-бап Шешімді орындамай отырған авиакәсіпорынға қатысты санкциялар

Егер Кеңес қандай да бір Уағдаласушы мемлекеттің авиакәсіпорныалдыңғы Бапқа сәйкес шығарылған түпкілікті шешімді орындамай отыр деген шешім қабылдаса, әрбір Уағдаласушы мемлекет осы авиакәсіпорнының қызметіне өз аумағының үстіндегі әуе кеңістігінде рұқсат етпеуге міндеттенеді.

88-бап Шешімді орындамай отырған мемлекетке қатысты санкциялар

Ассамблея осы Тараудың ережелерінде көзделген міндеттемелерді орындамай отырған мемлекет деп белгіленген кез келген Уағдаласушы мемлекеттің Ассамблея мен Кеңесте дауыс беру құқығын тоқтата тұрады.

XIX ТАРАУ СОҒЫС

89-бап Соғыс және төтенше жағдай

Соғыс жағдайында, осы Конвенцияның ережелері соғыс қамтыған кез келген, соғысып жатқан да, бейтарап қалған да Уағдаласушы мемлекеттің іс-әрекет еркіндігіне тимейді. Мұндай принцип кез келген Уағдаласушы мемлекет өз ішінде төтенше жағдай жариялаған және Кеңесті бұл жөнінде хабардар еткен кезде де қолданылады.

XX ТАРАУ ҚОСЫМШАЛАР

90-бап Қосымшаларды және оларға түзетулерді қабылдау

а) Кеңестің 54-бап "1" тармақшасында аталған Қосымшаларды қабылдауы Кеңестің осы мақсат үшін шақырылған отырыстағы даусының үштен екісін талап етеді, Кеңес бұдан кейін оларды әрбір Уағдаласушы мемлекетке жібереді. Кез келген мұндай Қосымша немесе Қосымшаға кез келген түзету Уағдаласушы мемлекеттерге оларды жібергеннен кейін үш ай ішінде не Кеңес белгілей алатын осындай неғұрлым ұзақ уақыт кезеңі ішінде Уағдаласушы мемлекеттердің көпшілігі Кеңесті өз келіспеушілігі жөнінде хабардар етпесе, осы уақыт аяқталғаннан кейін күшіне енгізіледі.

б) Кеңес барлық Уағдаласушы мемлекеттерді кез келген Қосымшаның күшіне енгізілгені жөнінде кідіріссіз хабардар етеді.

XXI ТАРАУ БЕКІТУ, ҚОСЫЛУ, ТҮЗЕТУЛЕР ЖӘНЕ БІР ЖАҚТЫ БҰЗУ

91-бап Конвенцияны бекіту

а) Осы Конвенцияға қол қойған мемлекеттер оны бекітуге тиіс. Бекіту грамоталары Америка Құрама Штаттары Үкіметінің архивіне сақтауға тапсырылады, соңғысы осы Конвенцияға қол қойған және оған қосылған мемлекеттердің әрқайсысын мұндай тапсыру күні жөнінде хабардар етеді.

б) Жиырма алты мемлекет осы Конвенцияға қол қойған немесе оған қосылған бойда ол жиырма алтыншы құжатты сақтауға тапсырғаннан кейін отызыншы күні олар үшін күшіне енгізіледі. Бұдан әрі ол оны бекіткен әрбір мемлекеттің бекіту грамотасы сақтауға тапсырылғаннан кейін отызыншы күні ол үшін күшіне енгізіледі.

с) Осы Конвенцияға қол қойған және оған қосылған мемлекеттердің әрқайсысын Үкіметіне осы Конвенцияның күшіне енгізілу күні жөнінде хабардар ету міндеті Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне жүктеледі.

92-бап Конвенцияға қосылу

а) Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелері мен оларға қосылған мемлекеттер мен дүниежүзілік осы жанжал кезінде бейтарап қалып отырған мемлекеттер үшін ашық.

б) Қосылу Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне жіберілетін хабарлау жолымен жүзеге асырылады және хабарламаны Америка Құрама Штаттарының Үкіметі алған күннен бастап отызыншы күні күшіне енгізіледі, соңғысы барлық Уағдаласушы мемлекеттерді бұл жөнінде хабардар етеді.

93-бап Басқа да мемлекеттерді кіргізу

91 және 92 (а)-баптарда аталған мемлекеттерден басқа, дүниежүзі халықтары бейбітшілікті сақтау үшін құрған қандай да бір жалпыға ортақ халықаралық ұйым мақұлдаған жағдайда, Ассамблея даусының төрттен бірімен және Ассамблея белгілей алатын шарттармен басқа мемлекеттер де осы Конвенцияға қатысуға кіргізілуі мүмкін; бұл орайда әрбір жеке бір жағдайда, кіруге қол жеткізуге ұмтылған мемлекет тарапынан осы соғыс кезінде қол сұғуды немесе басып алуды басынан кешірген әрбір мемлекеттің келісімі қажет.

94-бап Конвенцияға түзетулер

а) Осы Конвенцияға ұсынылған кез келген түзету Ассамблея даусының үштен екісімен мақұлдануға тиіс және содан кейін санын Ассамблея белгілейтін Уағдаласушы

мемлекеттер оны бекіткеннен кейін мұндай түзетуді бекіткен мемлекеттерге қатысты күшіне енгізіледі. Олардың осылай белгіленген саны Уағдаласушы мемлекеттер жалпы санының кемінде үштен екісін құрап отырады.

б) Егер, Ассамблеяның пікірінше, түзету сипаты осы шараны ақтайтын болса, Ассамблея түзетуді қабылдауды ұсынатын өз қарарында түзету күшіне енгізілгеннен кейін белгіленген кезең ішінде оны бекітпеген кез келген мемлекет осының салдарынан Халықаралық азаматтық авиация ұйымының мүшесі және Конвенцияға қатысушы болуын доғарады деп көздей алады.

95-бап Конвенцияны бір жақты бұзу

а) Кез келген Уағдаласушы мемлекет Америка Құрама Штаттарының Үкіметін осы Конвенция күшін жою күшіне енгізілгеннен кейін үш жылдан соң жіберілетін хабарлама арқылы осы күшін жою жөнінде хабардар ете алады, соңғысы әрбір Уағдаласушы мемлекетке бұл жөнінде кідіріссіз хабарлайды.

б) Күшін жою хабарламаны алған күннен бастап бір жылдан соң күшіне енгізіледі және Конвенцияның күшін жойған мемлекетке ғана қатысты қолданылады.

XXII ТАРАУ АНЫҚТАМАЛАР

96-бап Осы Конвенцияның мақсаттарында:

а) "Әуе қатынасы" әуе кемелері жолаушыларды, поштаны немесе жүкті Қоғамдық тасу мақсатында жүзеге асыратын кез келген тұрақты әуе қатынасын білдіреді.

б) "Халықаралық әуе қатынасы" саны біреуден асатын мемлекеттер аумағының үстіндегі әуе кеңістігі арқылы жүзеге асырылатын әуе қатынасын білдіреді.

с) "Авиакәсіпорын" халықаралық әуе қатынастарын ұсынатын немесе пайдаланатын кез келген авиакөлік кәсіпорнын білдіреді.

д) "Коммерциялық емес мақсаттармен аялдау" бортқа жолаушылар, жүк немесе пошта алу немесе оларды түсіруден өзге, кез келген мақсатпен қонуды білдіреді.

КОНВЕНЦИЯҒА ҚОЛ ҚОЮ

Төменде қол қойған уәкілетті өкілдер, тиісті түрде уәкілділер осыны куәландыру үшін осы Конвенцияға өздерінің тиісті Үкіметтерінің атынан өздерінің қолдарына ыңғайласпа көрсетілген күні қол қойды.

Чикагода 1944 жылғы желтоқсанның жетінші күні ағылшын тілінде ЖАСАЛДЫ. Ағылшын, испан және француз тілдерінде жасалған, әрқайсысы тең түпнұсқалық болып табылатын мәтін Вашингтонда, Колумбия округында жасалды. Америка Құрама Штаттары Үкіметінің архивіне мәтіннің екеуі де сақтауға тапсырылады, ал осы Үкімет

расталған көшірмелерді осы Конвенцияға қол қоя алатын немесе оған қосыла алатын барлық мемлекеттердің Үкіметтеріне жібереді.

ЧИКАГО КОНВЕНЦИЯСЫНА ТҮЗЕТУЛЕР МӘТІНІ

45-бапқа түзету

(Монреальда 1954 жылғы 14 маусымда қол қойылған Хаттама)

Конвенцияның 45-бабының соңындағы нүкте үтірмен ауыстырылып, төмендегі қ о с ы л а д ы :

"уақытшадан өзгеше - Ассамблея шешімі бойынша, әрі мұндай шешім Ассамблея белгілеген дауыс санымен қабылдануға тиіс. Осылай белгіленген дауыс саны Уағдаласушы мемлекеттер жалпы санының кемінде бестен үшін құрайтын болады."

48 (а), 49 (е) және 61-баптарға түзетулер

(Монреальда 1954 жылғы 14 маусымда қол қойылған Хаттама)

48 (а)-баптағы "жыл сайын" деген сөздер "үш жылда кемінде бір рет" деген т і р к е с п е н а у ы с т ы р ы л а д ы .

49 (е)-баптағы "жылдық бюджет" деген тіркес "жылдық бюджеттер" деген т і р к е с п е н а у ы с т ы р ы л а д ы .

61-баптағы "жылдық бюджетті" және "бюджетті ... дауыс беру жолымен" деген тіркестер "жылдық бюджеттерді" және "бюджеттерді ... дауыс беру жолымен" деген тіркестермен ауыстырылады.

48 (а)-бапқа түзету

(Римде 1962 жылғы 15 қыркүйекте қол қойылған Хаттама)

Конвенцияның 48 (а)-бабындағы екінші сөйлем жойылып, мыналармен а у ы с т ы р ы л а д ы :

"Ассамблеяның төтенше сессияларын Кеңестің талап етуі бойынша немесе Уағдаласушы мемлекеттер жалпы санының кемінде бестен бірінің Бас хатшыға жіберген өтініші бойынша, кез келген уақытта өткізуге болады".

50 (а)-бапқа түзету

(Монреальда 1961 жылғы 21 маусымда қол қойылған Хаттама)

Конвенцияның 50 (а)-бабындағы "жиырма бір" деген тіркес жойылып, "жиырма жеті" деген тіркеспен ауыстырылады.

50 (а)-бапқа түзету

(Нью-Йоркте 1971 жылғы 12 наурызда қол қойылған Хаттама)

Конвенцияның 50-бабының а) тармағындағы екінші сөйлем жойылып, мыналармен ауыстырылады:

"Ол Ассамблея сайлаған отыз Уағдаласушы мемлекеттен тұрады"

50 (а)-бапқа түзету

(Монреальда 1974 жылғы 16 қазанда қол қойылған Хаттама)

Конвенцияның 50 (а)-бабындағы екінші сөйлем "отыз" деген сөзді "отыз үш" деген сөзбен ауыстыра отырып, өзгертілсін.

56-бапқа түзету

(Венада 1971 жылғы 7 шілдеде қол қойылған Хаттама)

Конвенцияның 56-бабындағы "жиырма мүшеден" деген тіркес "он бес мүшеден" деген тіркеспен ауыстырылады.

Түзету - 93 (бис)-бап енгізу

(Монреальда 1947 жылғы 27 мамырда қол қойылған Хаттама)

93 (бис)-бап

а) Жоғарыда көрсетілген 91, 92 және 93-баптарда жазылған ережелерге қарамастан

1) Үкіметін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Біріккен Ұлттар Ұйымы құрған немесе онымен қатынастар орнатқан халықаралық мекемелерде мүше болу құқығынан айыруды ұсынған мемлекет Халықаралық азаматтық авиация ұйымының мүшесі болуын бірден доғарады.

2) егер Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қайтарма жөнінде ұсыныспен алып тастау туралы өз актісін толықтырмаса ғана, Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелері арасынан шығарып тасталған мемлекет Халықаралық азаматтық авиация ұйымының мүшесі болуын бірден доғарады.

б) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының мүшесі болуын жоғарыда көрсетілген (а) тармақтың ережелеріне байланысты доғарған мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдағаннан кейін, Халықаралық азаматтық авиация ұйымына өз өтініші бойынша және Кеңес көпшілігінің мақұлдауымен қайтадан кіргізілуі мүмкін.

с) осы Ұйым мүшелерінің Біріккен Ұлттар Ұйымы мүшелері ретінде өздеріне тиесілі құқықтар мен артықшылықтарды жүзеге асыруы тоқтатыла тұрса, соңғысының талап етуі бойынша, олардың осы Ұйымға мүше болудан туындайтын құқықтар мен артықшылықтарды жүзеге асыруы тоқтатыла тұрады.

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ